

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

СЕКЦИЯ 7 ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПОДСЕКЦИЯ 7.1. ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ТҮРІК ТІЛІНІҢ СӨЗДІКТЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Абдиров Өркен

Orken1996@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ тілі» мамандығының студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD докторы, доцент К.К.Кенжалин

Түркі тілді халықтар дүниенің барлық түкпіріне таралған. Сондықтан олардың мәдени-экономикалық және әлеуметтік даму деңгейі бірдей болмағандығы анық. Бұл олардың тілінде де анық байқалады. Түркия, Қазақстан, Өзбекстан сияқты елдерде ана тілі мемлекеттік тіл деңгейінде өмірдің барлық саласында қолданылады. Татар, башқұрт, саха сияқты түркі тілдері орыс тілінің ықпалында екінші мемлекеттік тіл ретінде қолданылып, Ресейдің пошта, қатынас байланыстарында қолданылуы шектелген тіл санатына жатады [1, 216-б]. Бұл, әрине, туыстас түркі тілі ретінде біздің де көңілімізді қынжылтады. Ал біздің қарастыратын мәселеміз түркі тілдерінің оғыз тобына жататын, түрік ғалымы Б.Ахметтің мәліметі бойынша, Түркияда 65 миллионға жуық халықтың мемлекеттік тілі болып саналатын түрік тілі мен Қыпшақ-ноғай тілдер тобына жататын, қазақ ғалымы Мақаш Тәгімовтің есептеуі бойынша 10,5 миллион адам сөйлейтін қазақ тіліндегі туыстық атауларға қатысты фразеологизмдер және олардың морфологиялық ерекшеліктері. Түркітануда фразеологизм туралы алғашқы еңбектер 40-жылдардан кейін жарық көрді. Түркі фразеологиясын зерттеуде алғаш атсалысқан қазақ ғалымы І.Кеңесбаев болатын. Алғашқы кезеңде әр ұлттың өз тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің негізін айқындау, саралау бағыты тұрды. Тілші ғалымдардың әр жылдары жарық көрген зерттеулері осының айғағы. Орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек сіңірген – академик В.В.Виноградов.

Фразеологиялық орамдар тілдік единица ретінде лексика-семантикалық жағынан сан қырлы. Алайда фразеологизмдерді саралап бөлуде, олардың варианттылығын айқындауда тек лексика-семантикалық талдаумен шектелу жеткіліксіз болар еді. Фразеологизмдердің түрлерін, варианттылығын қарастырғанда олардың структуралық-грамматикалық ерекшеліктерін де еске алу қажет. Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тілдер тобына жататындықтан сөздердің морфологиялық варианттарының болуы заңды. Ал қазіргі тіл біліміндегі тұрақты тіркестер жөніндегі басты мәселе – оның басқа түркі тілдерімен салыстырмалы түрде зерттеліп, ішкі мағынасы мен грамматикалық құрылымының салыстырмалы түрде айқындалмауы. Нақтырақ келетін болсақ, туыстық атауларға қатысты фразеологизмдер ерекше зерттелуді қажет етеді. Тіл ғылымы нақтылық пен жүйелілікті қажет ететінін ескеретін болсақ, аталмыш салада теорияны нақты мысалдармен ұштастыру керек. Олай болса, қазақ және түрік тілдеріндегі туыстық атауларға байланысты бірнеше фразеологизмдерге тоқталып, оған салыстырмалы түрде талдаулар жасаймыз.

Туыстық атау фразеологизмдері күнделікті өмірде де жиі қолданыс табады. Тілдің лексикалық қабаттарында да сонау ертеде қалыптасып кеткен бұл үрдіс саралап тануды қажет етеді. Қазақ тілінде жиі қолданылатын, фразеологиялық сөздіктегі мағынасы бойынша ата-ананың балаға деген мейірі, сүйіспеншілігін білдіретін БАЛА БАЛДАН ТӘТТІ, ОТТАН ЫСТЫҚ, КҮННЕН ЖАРЫҚ, МАМЫҚТАН ЖҰМСАҚ тіркесінде адами құндылықты тілдік бірліктер арқылы жеткізеді. Оған мысал ретінде І.Кеңесбаевта «Қазақ ертегісінен» «Әркімнің

өзінің баласынан артық көретіні жоқ екен ғой. Баласы өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой» деп ойлайды» деген үзінді алынған [2, 103-б]. Мұндағы баланың тым тәттілігін беру үшін «бал» зат есіміне шығыс септігінің (–дан) жалғауы қосылып, грамматикалық мағына үстеліп тұр. Бұл фразеологизмде екі бірдей деректі, жалпы зат есім қолданылып, екінші компоненті категориялық-грамматикалық мағынаға, оның ішінде септік категориясына ие болып тұр. Ал тұрақты тіркестің үшінші компоненті сын есімнің шырай категориясына ие сапалық түрі «тәтті» сөзі контексте тәтті-дәмді мағынасында субстантивтеніп қолданылады. Алайда мұндағы қолданыста сапалық сын есім ретінде жұмсалып тұрғанын байқаймыз.

Осы тұрақты тіркестің түрік тіліндегі нұсқасында OĞUL BALI деп берілген. Оның екі түрлі мағынасы бар: 1. Oğul arılarının uyardığı bal; 2. (Anne baba için) evlat [3, 830-б]. Аталмыш тіркесте ұл балаға акцент беріліп айтылғанмен, одан шығатын туынды мағына баланың әрбір қылығы балдай деген түсінікті береді. Екі тіркесте де «бал» сөзі қолданылады. Түрік тіліндегі нұсқасында «баланың балдай қылығы» balı деген тәуелдік сипатта келіп, бір лексикалық бірлікке сыйып кетеді. Түрік тіліндегі Yelik кірі-нің –ı қосымшасы (kızı, kulağı, т.б.) –ın жасырын жалғауымен матаса байланысып, тәтті қылықтың балаға тиістілігін көрсетеді. Жоғарыда берілген тұрақты тіркестер морфологиялық құрылысының айырмашылығы қазақ тілінде 3 түбір және 1 көмекші морфемадан тұратын тіркес эллипсис құбылысын пайдаланып өзімен мәндес 3 тұрақты тіркесті үлестіре алып жүреді. Ал түрік тіліндегі нұсқасында мағына 2 түбір, 1 айқын және 1 жасырын қосымшаның жалғануымен беріледі. Мұнда біз морфема санына емес, олардың қай сөз табынан және қандай жалғаудан алынғандығы және олардан туған мағынаның ұқсастығына акцент беруіміз керек. Әрине, бүгінгі тіл ғылымының жаңа бағыттары экстралингвистикалық және антропологистикалық бағытта да бұл туыстық қатынастарға байланысты тұрақты тіркестер ұлттық тілдің құнарлы бөлшегі болғандықтан да өте маңызды.

Түрік тілінде «anamın ak sütü bana nasıl helal ise bu da sana öyle helal olsun» деген мағынаны білдіретін ANAMIN AK SÜTÜ GİBİ HELAL OLSUN деген тұрақты тіркес бар. Ендеше фразеологизмнің морфологиялық құраласына терең үңіліп сараласақ, тіркес 6 компоненттен тұрады. «Anamın» сөзі түрік тілінің тәуелді септеу формасында келіп тұр. Яғни, ақ сүттің анаға тиестілі екендігін көрсетеді. «Gibi» шылауы ана сүтінің өте адал, қасиетті екенін көрсетеді. Контекст ішінде бір нәрсенің біреуге бағалы болуын көрсетіп, оның екінші бір жаққа бағытталуын «olsun» сөзіндегі жіктің жалғауының II жағы арқылы беріледі. Сондай-ақ қазақ тілінде де етістіктердің жіктелетіндігін ескере кеткендігіміз жөн. «Helal» сөзіне келсек, бұл сөз қазақ тілінде халал, адал нұсқасында қолданылып жүр. Бұл туыстас екі тілге де араб тілінен енген кірме сөз екендігі дыбыстық және семантикалық жағынан да айқын. Ал біздің айтқымыз келгені – морфологиялық тұрғыдан сын есім екендігі. Дәл осы сөз АНАНЫҢ АҚ СҮТІ және АНА СҮТІН АҚТАДЫ тіркестерімен бірге қолданылады. Олардың ананың адал ниеті туралы айтылатын «адамгершілік, ар-ұят» және Отан сенімін ақтау кезінде жиі қолданылатын «ананың ізгі тілегінен шықты, ел сенімін орындады» деген түсіндірмелері берілген. Олар мәтінде төмендегідей қолданылады: «Бойдағы адамдық сана ананың ақ сүтінен нәр алып, нұрланған» (С. Бакбергенов). «Қажырлы туған жас бала, Самолет жерге түскенде, Қорықпаған, саспаған. Ерлік десең, осыны айт. Сабырлықпен батырым, Төрт дұшпанды өлтіріп, Өзін аман сақтаған. Батыр десең, осыны айт, Ата сүтін ақтаған» (Н. Байғанин) [2, 52-б].

Қазақ тіліндегі «ананың ақ сүті» тіркесі біз жоғарыда келтірген фразеологизммен мәндес. Екі фразеологизм де контексте қолданылуына байланысты сыртқы формасын ауыстыра береді. Екі тіркесте де соншалықты мағына ауытқуы сезілмейді. Сөздің сыртқы формасы мен ішкі мағынасы үйлес. Айта кететін жайт, үш лексикалық бірліктен тұратын «ананың ақ сүті» фразеологизміндегі ақ сүт ананікі екендігін білдіру үшін, «ана» сөзіне жай септеу категориясының ілік септік формасы жалғанып тұр. Жоғарыда байқағанымыздай түрік тілінде I жақта тәуелденіп барып септелді (babamın, kardeşimin, т.с.с). Туыстық атауға байланысты фразеологизмдердің айырмашылығына келсек, түрік тіліндегі нұсқасында

бүгіндей бір сөйлем аяқталған ойды білдірсе, қазақ тілінде бір ғана сұраққа жауап беретін күрделі фразеологиялық тіркес ретінде қолданылып тұр. Қазақ тіліндегі нұсқасы «ақтау» қимыл есімімен түрліше формада тіркесіп келіп, тағы бір тұрақты тіркестің туындауына себепші болады. Жоғарыда берілген мысалдан байқағанымыздай («Ана сүтін ақтады»), тәуелді септеу категориясының табыс септік формасы мен жіктік жалғауының III жағында тұрған сабақты етістік тіркескенінен мағына айқынырақ көрінеді.

Қазақ әдеби тілінде көне мағынасы «Қызға құда түсті, атастырды, қызды алмақ болып уәде байласты» дегенді білдіретін ҚЫЗ АЙТТЫРУ (АЙТТЫРДЫ) тіркесі жиі қолданылады. Мысалы, «Қыз айттыру» деген бұрынғы уақытта болған нәрсе. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім деген Ханның бұйрығы бойынша орнаған көрінеді» (Ы. Алтынсарин) [2, 484-б]. Біз бұл фразеологизмнің лексикалық мағынасынан бөлек грамматикалық мағынасына көңіл аударамыз. Себебі біздің зерттеу әдісіміз – қазақ-түрік фразеологизмдерін морфологиялық құрылысы жағынан салыстыру. Аталмыш тұрақты тіркестер тілдегі лексикалық бірлік ретінде қолданыла отырып, екі ұлттың да салт-дәстүрінде құдандалық жоралғының аты болып табылады. Туыстас тіл болғандықтан екі тілде кейбір туыстық атауларының ұқсас дыбысталуы айтпаса да түсінікті нәрсе. Оның ішінде дәл осы «қыз» сөзі екі тілде де туыстық қатынаста бір мағынада қолданылады екен. Екі тілде де – жалпы, деректі, адамзат зат есім. KIZ ALMAK тіркесінің түрік тіліндегі мағынасы – bir ailenin kızını gelin olarak almak [3, 786-б]. Түрік тіліндегі «алмақ» сөзі екі морфемадан тұрады. «Алу» қимыл атауы қазақ тілінде де «әйел алу» деген тіркесте кездеседі. Демек, мұдағы –mak жұрнағы қазақ тіліндегі қимыл есімі –у жұрнағымен синонимдес. Қимыл атауы жайында қазақ тіл білімінде А.Ысқақов, Ы.Маманов сынды ғалымдар өздерінің зерттеу-еңбектерінде пікірлерін білдірген болатын. 1974 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде былай дейді: «Етістік негізінен –у жұрнағы арқылы туған кейбір формалар қимыл атауы ретінде жұмсауларымен қатар, субстантивтеніп, адъективтеніп зат я сын есімдер қатарына көшкен. Бұл құбылыс – қимыл атауының есімге жақындығының айғағы». Аталмыш фразеологизмнің қазақ тіліндегі нұсқасы «қыз айттыру» 4 морфемадан тұрады. Берілген тіркесте табыс септігі жалғауы (-ды) жасырын тұр. Бұл жағдай түрікше нұсқасында да кездеседі. Яғни, Кімді айттыру? «Қыз+ды айттыру» және Kimi almak? «Kız+1 almak». Тіркесте «айт» сабақты етістігіне етіс категориясының ырықсыз етіс формасы (-тыр) жалғанып, сат-дәстүрдегі құдандалық жоралғысының орындалуын көрсетсе, -у қимыл атауы жұрнағының қосылуымен бүтіндей салттың бір бөлігінің атауына айналып тұр. Қазақ-түрік тілдеріндегі бұл тіркестердің екінші компоненті сырттай ұқсас болмағанмен, ауыс мағыналары бір ойдың айналасында ұштасады. Тұрақты тіркестің өзіне тән белгісі де сол емес пе?

Туыстас тілдердегі кейбір туыстық атаулар мүлдем бөлек дыбысталып, бірақ бір ұғымды білдіріп жатады. Мысалы, біздегі құда атауын білдіретін дүнүр сөзі. DÜNÜR DÜŞMEK – Bir kıızı evlenmek üzere başkası için istemek; DÜNÜR GEZMEK – evlenecek genç için kız aramaya çıkmak [3, 616-б]. Берілген фразеологизмдер мәндес келеді. Алғашқы сыңарлары бірдей сөз табынан жасалып тұр. Ал екінші сыңары қазақ тіліндегі жоғарыда атап өткеніміздей қимыл атауымен келген етістіктермен сәйкес келеді. Олай деуге себеп – түрік тіліндегі –mak, -mek жұрнағы. Аталмыш тұрақты тіркестердің синонимі ретінде қазақ тіліндегі тарихи мағынасы «Қыз алысып, жекжат болуды» білдіретін ҚҰДА БОЛУҒА [ТҮСУҒЕ] КЕЛДІ, ҚҰДА ТҮСПЕК және ҚҰДАЛАП КЕЛДІ деген фразеологизмдері кездеседі. Ол мәтінде төмендегідей кездеседі: «Күләйменді әкесі малға сатқан, Құдай деп, құда болып бата айтқан. Әрі малды көбейту мал үстіне, Әрі би боламын деп қарғыс атқан» (С. Торайғыров) [2, 464-б]. «Құда түсу» тіркесі туыстас түркі тіліндегі жоғарыда айтылған «dünür düşmek» фразеологизмімен морфологиялық құрылымы жағынан өте дәлме-дәл келеді. Тұрақты тіркестің екінші компонентіндегі «түсу» сөзі «түс» салт етістігіне –у жұрнағы жалғану арқылы қимыл атауы болып тұр. Екі сөз табының қатысуымен аналитикалық тәсіл арқылы тұрақты етістіктің жасалып отырғанын байқаймыз. «Dünür gezmek» тіркесі де

жоғарыда аталған мәселеге сәйкес келеді. Бұл жерде ескеретін жайт, екі тілдің туыстығы. Алайда барлық жағдайда фразеологизмдер тұраты етістіктен бола бермейді.

Қазақ тіліндегі осы күнде де қолданыста жүрген халық мәтелі «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» түрік тілінде де «Kızım sana söylüyorum, gelinim sen dinle» деп кездеседі. Оның мағынасы: Düşüncelerimi, çok yakınım olan birisine söylüyorum. Ama maksadım bunları onun bilmesi değil, doğrudan doğruya kendisine söylemeyi uygun bulmadığım kimsenin bilmesidir. Çünkü sözlerimi ikisi birden dinlemektedir [3, 786-6]. «Қыз-kız» сөзінің екі тілде де ұқсас дыбысталып, бірдей мағынаны білдіретіні жайлы жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Фразеологизмнің басқа компоненттеріне келетін болсақ, sana, söylüyorum, sen, dinle екі бірдей есімдік пен етістік және бірдей дыбысталатын бір мағынаны білдіретін туыстық атау кездеседі. Фразеологизмде адресат пен адресант арасында үшінші тарап ретінде қолданылып тұрған «қыз» сөзі мен басқа морфологиялық бірліктер сөздің келінге бағытталуына қызмет етіп тұр.

1.Söylüyorum – айтамын категориялық-грамматикалық мағынаның шақ категориясына ие болып, жіктеліп тұр;

2.Sana – саған септік категориясының көнеленген барыс септігінің жалғауымен келген, сәйкесінше түрік тілінде yönelme durumu-мен келіп, іс-әрекетті екінші тарапқа бағыттайды;

3.Sen-сен екі тілде де бір мағына, бір дыбысталу, бір форма, бір жіктеу есімдігіне жатады;

4.Gelin – келін жалпы, деректі, адамзат зат есім. Тек «к» және «g» дыбыстарының айырмашылығы ғана білінеді. Бұл, әрине, фонетиканың зерттеу объектісі болғанымен, айқын нәрсені айтпай кетуімізге болмайтын сияқты.

5.Dinle - тыңда сабақты етістігі рай категориясының бұйрық рай жұрнағы формасымен жасалып тұр. Тіл бар да, оны қолданушылар бар. Уақыт пен кеңістік ауысқанымен, кей сөздер мен сөз тіркестері бірдей дыбысталып, бірдей мағына беріп, екі тілде де қолданыста жүре береді.

Қорытындылай келе, қазақ-түрік тілдерінің лексикалық қорын толтырып тұрған құнарлы бөлшектері – фразеологизмдер, оның ішінде туыстық атаулар фразеологизмдері қолданыстағы сипаты жағынан өте ұқсас. Морфологиялық ерекшеліктері жағынан сәйкестігіне жоғарыдағы салыстыруларымыз дәлел. Фразеологизмдердің морфологиялық варианттары семантикасы, грамматикалық формасы, конструкциясы жағынан өзара эквивалентті, морфологиялық толық не қысқарған түрдегі компоненттердің алмасып келуі және құрамындағы соңғы компонентке түрлі теңеу жұрнақтарының жалғануы арқылы морфологиялық варианттар жасалады. Мұндай өзгерістер фразеологизмнің семантикасына әсер етпейді. Әсіресе, туыстық атаулар ішінде бірдей аталатын, бір мағына беретін және керісінше де кездесіп, фразеологизм құрайтын бірліктер өте көп. Туыстық атауларға байланысты тұрақты тіркестерді салыстыру нәтижесінде зат есімдер, қимыл атаулары, сын есімдер, субстантивтенген басқа сөз таптары активті сөз қолданысында болатынын байқадық. Бұлар – әрине, бірнеше ғана сөз тіркестерінің салыстырмалары. Екі тілдің қолданысында да бұдан әлденеше есе көп туыстық атау фразеологизмдері бар екенін ескерсек, олардың морфологиялық-құрылымдық ерекшеліктерін зерттеу, зерделеу керектігі кезек күттірмейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. Оқу құралы. 3-ші басылымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 360 бет.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
3. Ömer Asım Aksoy. Deyimler sözlüğü. Türk tarih kurumu basımevi. – 1984. – 968 бет.
4. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің вариантылығы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 128 бет.
5. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет.